

КЕЗЕКТІ ХІ СЕССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

24.09.2021 жылы жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезекті ХІ сессиясы болып өтті. Сессия отырысына аудан әкімі, аудан әкімінің орынбасарлары, қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен дербес бөлім басшылары қатысты.

Сессияның күн тәртібіне сәйкес аудан әкімінің 2020 жылы және 2021 жылдың 8 айында өзіне жүктелген функциялары мен міндеттердің орындалуы бойынша есебі тыңдалып, депутаттар тарапынан сұрақтар қойылып, әкімнің атқарған жұмыстарына оң баға берілді. Сонымен қатар ауданның дербес бөлім басшылары мен ауылдық округ әкімдерінің есептері тыңдалды.

Түркістан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 9 қыркүйектегі 9/84-VII шешіміне сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №59-520-VI «2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі қаралды.

Аудан әкімінің ұсынысына сәйкес Сарыағаш ауданына ерекше еңбегі сіңген бірқатар азаматтарға «Сарыағаш ауданының құрметті азаматы» атағын беру туралы шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі жалпы мәселелер бойынша тиісті сын-ескертпелер айтылып, шешімдер қабылданды.